

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**А.Қ.ҚҰСАЙЫНОВ атындағы  
ЕУАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**



**«Бекітемін»**

**ЕАГИ ректоры**

**Н.Нығыманова**

**2 қыркүйек 2025 ж.**

**А.Қ.ҚҰСАЙЫНОВ атындағы  
ЕУАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ  
ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЕРЕЖЕСІ**

**Астана, 2025**

**Инклюзивті білім беруді заңнамалық және нормативтік қамтамасыз ету:**

- «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы № 39-ІІІ (2015 жылғы 3 желтоқсандағы өзгерістер мен толықтыруларымен);

- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VІ Заңы;

- Қазақстан Республикасының 2025–2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысымен бекітілген);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 20 тамыздағы № 696 бұйрығы «Арнайы (түзету) білім беру ұйымдарының үлгілік оқу жоспарлары туралы»;

- Қазақстан Республикасы БҒМ-нің 2009 жылғы 16 наурыздағы № 4-02-4/450 хаты «Шектеулі мүмкіндіктері бар білім алушыларға инклюзивті (интеграцияланған) білім беруді ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар»;

- Қазақстан Республикасы БҒМ-нің 2012 жылғы 8 мамырдағы № 4-5/647 хаты «Үйде оқитын мүгедектігі бар білім алушылардың жұмыс орындарын бағдарламалық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хат»;

- Қазақстан Республикасы БҒМ-нің 2013 жылғы 4 шілдедегі № 258 бұйрығы «Даму мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының қызметін жүзеге асырудың үлгілік қағидалары».

## **1. Жалпы ережелер**

1.1 Осы Ереже А. Құсайынов атындағы ЕАҒИ-де инклюзивті білім берудің мақсаттарын, қағидаттарын, ұйымдастырылуын және мазмұнын айқындайды.

1.2 Институттағы инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕБК) студенттердің сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге, олардың академиялық, әлеуметтік және кәсіби жағынан табысты бейімделуіне жағдай жасауға бағытталған.

1.3 Осы Ереженің күші Институттың барлық студенттеріне, профессор-оқытушылар құрамына, әкімшілік-басқару қызметкерлеріне және инклюзивті үдерісті сүйемелдеуге қатысатын құрылымдық бөлімшелерге қолданылады.

## **2. Негізгі ұғымдар**

2.1 *Инклюзивті білім беру* — барлық студенттердің білім алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін, олардың білім алу қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктерінің алуан түрлілігін ескеретін білім беру үдерісін ұйымдастыру нысаны.

2.2 *Ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБК)* — денсаулық мүмкіндіктерінің шектеулілігіне байланысты туындайтын және жеке тәсілді,

білім беру ортасын бейімдеуді, сондай-ақ қосымша білім беру және әлеуметтік қызметтер көрсетуді талап ететін білім алушының қажеттіліктері.

2.3 *Мүгедек* — ауруларға, жарақаттарға немесе ақауларға байланысты ағза функцияларының тұрақты бұзылуы бар, өмір сүру әрекеттерінің шектелуіне әкелетін денсаулық жағдайы бұзылған тұлға. Мүгедектік дәрежесін белгілеу медициналық-әлеуметтік сараптама арқылы жүзеге асырылады.

2.4 *ЕБҚ бар білім алушы* — физикалық, сенсорлық, интеллектуалдық немесе өзге де бұзылыстарына байланысты жоғары білім алу барысында арнайы психологиялық-педагогикалық, әдістемелік, әлеуметтік немесе техникалық қолдауды қажет ететін студент.

### **3. Инклюзивті білім берудің мақсаттары мен міндеттері**

3.1 Институттың білім беру бағдарламаларының қолжетімділігін қамтамасыз ету.

3.2 Қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын құру.

3.3 ЕБҚ бар студенттерге қажетті бейімдеулер мен оқу үшін техникалық құралдарды ұсыну.

3.4 Студенттер мен қызметкерлер арасында толеранттылықты және инклюзия мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

3.5 Инклюзивті білім беру саласында қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

### **4. Инклюзивті білім берудің қағидаттары**

4.1 Дискриминацияға жол бермеу.

4.2 Оқытудағы дараландыру.

4.3 Білім беру ортасының қолжетімділігі.

4.4 Білім алушының білім беру үдерісіне қатысуы.

4.5 Пәнаралық тәсіл.

### **5. ЕАГИ-де инклюзивті білім беруді ұйымдастыру**

5.1 Инклюзивті білім беруді үйлестіруді Инклюзивті білім беруді қолдау орталығы (ИББҚО) жүзеге асырады.

5.2 ИББҚО-ның негізгі функциялары:

- студенттің білім беру қажеттіліктеріне диагностика жүргізу;
- жеке білім беру маршрутын (ЖББМ) әзірлеу;
- білім беру үдерісін бейімдеу мәселелері бойынша оқытушыларға консультация беру;

- психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік сүйемелдеуді ұйымдастыру;

- сыртқы ұйымдармен және мамандармен өзара іс-қимыл жасау.

5.3 Институтта келесі бағыттар бойынша қолжетімділік қамтамасыз етіледі:

- оқыту материалдарының баламалы форматтарда қолжетімділігі (ірі қаріп, электрондық нұсқалар және т.б.);

- оқу ғимараттары, аудиториялар, санитарлық аймақтар;

- электрондық ресурстар мен онлайн-платформалар.

## **6. Жеке білім беру маршруты (ЖББМ)**

6.1 ЖББМ студенттің, оның ата-аналарының (заңды өкілдерінің) немесе оқытушының сұрауы бойынша әзірленеді.

6.2 ЖББМ құрамына мыналар кіреді:

- оқу пәндерінің мазмұнын бейімдеу;
- қажет болған жағдайда жеке оқу кестесі;
- арнайы әдістемелер мен технологиялар;
- психологиялық-педагогикалық қолдау шаралары.

6.3 ЖББМ оқытушылармен келісіліп, Институт басшылығы тарапынан бекітіледі.

## **7. Профессор-оқытушылар құрамының рөлі**

7.1 Оқытушылар қамтамасыз етеді:

- оқыту мазмұнын, формалары мен әдістерін бейімдеуді;
- ЕББҚ бар студенттермен толерантты және этикалық өзара әрекеттесуді;
- инклюзия мәселелері бойынша оқыту семинарларына қатысуды.

7.2 Оқытушыға ИБСО тарапынан қолдау көрсетіледі.

## **8. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің құқықтары**

ЕББҚ бар студенттер құқылы:

- басқа студенттермен тең дәрежеде сапалы білім алуға;
- Институттың материалдық-техникалық ресурстарына қол жеткізуге;
- жеке оқу шарттарын алуға;
- оқу процесінен тыс барлық іс-шараларға қатысуға;
- сыйластылыққа негізделген және дискриминациясыз қарым-қатынасқа.

## **9. ЕБҚ бар студенттердің міндеттері**

Студенттер міндетті:

- академиялық адалдықты сақтау;
- білім беру бағдарламаларының талаптарын орындау;
- қолдаудың қажеттілігі туралы ИББҚО-ын уақытылы хабардар ету.

## **10. Оқу үдерісін сүйемелдейтін негізгі құжаттар**

- Инклюзивті білім беру шарттарын ұсыну туралы **студенттің өтініші** (канцелярияда немесе Институттың ақпараттық жүйесі арқылы тіркеледі);

- **Инклюзивті білім беруді қолдау орталығының (ИББҚО) қорытындысы**, онда білім беру қажеттіліктерінің талдауы және бейімдеулер бойынша ұсынымдар көрсетіледі;

- **Жеке білім беру маршруты (ЖББМ)** — бейімдеулер тізімін, арнайы шарттарды, оқу кестесін, бақылау формаларын және қолдау түрлерін қамтитын ресми құжат;

- ЕБҚ бар студентке көрсетілетін сүйемелдеу шараларын талқылау және бекіту үшін өткізілетін **пәнаралық команда отырысының хаттамасы**;

- Қажет болған жағдайда: **денсаулық мүмкіндіктерінің шектеулілігін немесе мүгедектікті растайтын құжаттардың көшірмелері**, МӘС қорытындылары, мамандардың анықтамалары.

10.1 ЖБМ студенттің білім беру қажеттіліктерін бағалау нәтижелері бойынша ИБСО мамандары әзірлейді, оқытушылармен келісіліп, Институт басшылығы тарапынан бекітіледі.

10.2 ЕБҚ бар студенттерді сүйемелдеу аясында ресімделетін барлық құжаттар:

- белгіленген үлгідегі бланкілерде рәсімделеді;

- Институттың бірыңғай құжат айналымы жүйесінде тіркеледі;

- архивтеу және жеке деректерді қорғау қағидаларына сәйкес студенттің жеке ісінде сақталады.

10.3 ЕБҚ бар студенттердің жеке деректері бар құжаттарға тек уәкілетті қызметкерлер ғана қол жеткізе алады. Ақпаратты үшінші тұлғаларға беру Қазақстан Республикасының заңнамасына және Институттың ішкі нормативтік құжаттарына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.

10.4 Құжаттарды уақытында рәсімдеу, тіркеу және сақталуына ИБСО және инклюзивті оқытуды сүйемелдеуге қатысатын құрылымдық бөлімшелердің лауазымды тұлғалары жауапты болады.

## **11. Қорытынды ережелер**

11.1 Ереже А. Құсайынов атындағы ЕАГИ ректоры бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

11.2 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Институт басшылығының бұйрығымен енгізіледі.

2025 жылғы 2 қыркүйектегі Ғылыми кеңес отырысында қаралып, мақұлданды, хаттама № 1.